

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: № 46 «Балбұлақ» бөбекжай
Топ: № 6 «Айгөлек» ортаңғы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.11 - 08.11.2024ж.
Педагогтың аты-жөні . Аршеева.Ж .Х., Ауелбаева.Ф

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Адамдар сені жақсы көруі үшін адамдарды сүй.					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.	"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тілдің лексикалық жағын дамыту (егістік сөздігін кеңейту).	"Жол белгілерін қою" д/ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білугебайқағыштыққа тәрбиелеу.	"Геом-қ пішіндерден автобусты құрастырамыз" д/ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.	"Сипаттама бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қиялын, сөйлеу қабілетін дамыту.
Ертеңгілік жаттығу	I-бөлім: жүру,жәй жүру,аяқ ұшымен,қол белде өкшемен жүру,жүгіру. II-бөлім:Жалпы дамыту жаттығулары: 1.Б.қ.қол белде,аяқ алшақ О:оңға, солға бұрылу(4-5 рет) 2. 1.Б.қ.қол төменде,аяқ алшақ О: екі жаққа еңкею(4-5 рет) 3. .Б.қ.қол белде,аяқ бірге О: қолды жоғары көтеру(4-5 рет) III-бөлім: Тыныс алу жаттығуы: Шарды үрлейміз.				
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемесу; әдепті болуға тәрбиелеу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Гараж" құрастыру. Мақсат-міндеттері: Балалар	"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру.	"Трактордың бөлшектерін тап" дидактикалық ойыны.	"Торғайлар мен көлік" қимылды ойыны.	"Көлік" ойыны. Педагог:

	өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады. (математика негіздері, құрастыру)	Мақсат-міндеттері:Балалардың ойлау қабілетін,тапқырлығын дамыту. (математика негіздері, танымдық дағдылар)	Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар, құрастыру)	Мақсат-міндеттері. Балаларға кеңістікте еркін қозғалуды үйрету. (дене шынықтыру)	- Балалар, бәріміз бірге "Көлік" ойынын ойнайықшы? Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Рулімізді бұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу дағдыларын дамыту.	Музыка "Көңілді машина". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адымдау жаттығуларын үйлесімді орындауды үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту	Дене шынықтыру "Зу-зу етіп көшеде". Мақсат-міндеттері. Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрттағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру.	Қазақ тілі "Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады?" Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетуге және жалпылауға ықпал ету, күз мезгіліне тән белгілерімен таныстыруды жалғастыру, жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін айтуды үйрету. Вариативтік компонент Саусақ жаттығуы «Қуырмаш»	Дене шынықтыру "Машина зырылдап жүреді". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру дағдысына үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру. Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. "Түрлі түсті көліктер" ойыны.	Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы ақпарат беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау "Ұшты-ұшты" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажыратуды үйрету. Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу.	Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру. "Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету.	Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күзгі көріністер туралы түсініктерінкеңейту; қызығушылықты дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы қоқыстарды жинау) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Лақтыр да, ұстап ал". (дене

	(танымдық дағдылар, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.	табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару . Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу	Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету.	Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагог ұйымдастырған ойынды балалардың емін-еркін ойнауларына ықпал ету
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемесу; әдепті болуға тәрбиелеу.				
Түскі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, кимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. - Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалау. - Түшкіріп, тұмауратпау үшін сұқ саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу. - Қолымызды маңдайымызға қойып уқалау. - Құлағымыз ауырмау үшін сұқ және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемесу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)				
Балалармен жеке жұмыс	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет	"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерге әңгіме құрастыру. Мақсат-міндеттері. "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту)	"Көлік" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Сюжетті-суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету. (сөйлеуді дамыту)	"Машина" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. "Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу. Бала тілін дамыту (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	"Светофор" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. Бала тілін дамыту. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жылғастыру.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемесу; әдепті болуға тәрбиелеу				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы № 46 «Балбұлақ» бөбекжай
 Балалардың жасы: 3 жастан
 Тобы: №6 ортаңғы «Айгөлек»
 Жоспардың құрылу кезеңі: 11.11 - 15.11.2024ж.
 Педагогтың аты-жөні Аршеева.Ж., Ауелбаева.Ф

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ» Әбіш Кекілбаев					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен кенес,әңгімелесу	Ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп айтуға, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)	"Жабайы аңдар". Мақсат-міндеттері. Олардың мекен ететін жерлері, қоректенуі, пайдасы жайында әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту,өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. (сөйлеуді дамыту)	"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде				

	1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Қолдағы сабынды көпіртіп сабындау, мұқият шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Аю нені жақсы көреді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Сипаты бойынша тану" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Бұл ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,)	"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, музыка)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру (әлеуметтік-эмоциялық дағдылар)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Қоян секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан	Музыка "Жомарт түлкі". Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін	Дене шынықтыру "Еркін жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі	Қазақ тілі "Жабайы аңдар". Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы аңдардың атауларын есте сақтауға, ертегіні ("Сәулетті үйшік") мұқият тыңдауды, өздеріне таныс жабайы аңдардың атауларына сүйене отырып, ертегінің мазмұнын түсінуді үйрету. Вариативтік компонент: Саусақ жаттығуы. «Бұл	Дене шынықтыру "Сұр көжек". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, саппен еркін жүгіруді үйрету.

	жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру	орындауды үйрету	қарай жетілдіру.	жерде түлкі, мына жерде күлкі бар» ойыны дамыту»	
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күзгі жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: күздің ерекшеліктері жайлы білімдерін толықтыру, табиғаттың әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау). Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге күштілікке, шапшаңдыққа баулу. (дене шынықтыру)	Жапырақтардың жерге түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттер: Балаларға күзгі табиғат ерекшеліктерін түсіндіріп, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу. «Ормандағы аю» (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: Ойынның шартын бұзбай, бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайтып ойнау. Еңбек: Жерге түскен жапырақтардан әсемді күзгі гүл шоғын жасау. Мақсат-міндеттер: Балалардың әсемдікке деген талғамын қалыптастыру.	Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).	Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы түсініктерді тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Еңбек әрекеті: ауланы құрап түскен жапырақтардан тазарту. Мақсат-міндеттер: бастаған істі аяғына дейін жеткізу "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сұрту дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ұйқы	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.

	музыка тыңдау. (музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан ояғанда төсектен бірден тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын қасына созады, еркін тыныс алу. 2. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын түю, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын бастарына қояды, сол және оң аяқтарын кезекпен көтеру, жоғарыда екеуін қосып ұстап тұру, ақырын түсіру. 4. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын қасына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебу. Төсектен тұрғызу. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Бесін ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Қоян". Мақсат-міндеттері. Қоянның ерекшеліктері арқылы балалардың сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; қоянның дене мүшелерін атағанда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін және зейіні мен қоянға тәжірибе жұмыстарын жасауды, басқа аңдармен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.	"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)	"Қоянның жаңа тоны". Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы табиғат әлемі туралы білімдерін кеңейту; қоянның жыл мезгіліне сай сұр тонын қыста ақ тонға ауыстыруы ерекшеліктерінің мәнін түсіндіру; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Ненің құлағы?". Мақсат-міндеттер.	"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	"Кірпіжан" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. (көркем әдебиет)	"Дауысынан таны" дидакт.ойыны. Мақсат-міндеттері. Жабайыжануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, музыка)	"Төлдерін ата". Мақсат-міндеттері.Балаларға жануарлардың атауын және төлдерін айтқызу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)	"Түлкі" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. (көркем әдебиет)	"Қасқыр" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. (көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жылғастыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.
Бала-ң үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Балалардың жетістіктері жайында ата-аналармен әңгімелесу; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы № 46 «Балбұлақ» бөбекжай
Топ: ортаңғы № 6 «Айгөлек»
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.11 - 22.11.2024ж.
Педагогтың аты-жөні :Аршеева.Ж., Ауелбаева.Ф

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Оқысаң – озарсың, Оқымасаң – тозарсың.					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)				
Ата-аналар кеңес, әңгімелесу	"Әке мен атаның бала тәрбиесінде алатын орны" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауды үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы". Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын есте жаңғырту. Бауырсақтың үйінен шыққан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды үйрету.	"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Гүлдердің атауларын атау біліктерін жетілдіру.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Қояндарға құрақ көрпе" (ұжымдық жұмыс). Мақсат-міндеттері. Балаларды тіктөртбұрыш пішінді кескінді үшбұрыштар арқылы толтырып, ою алаңын құрастыруды үйрету;	"Түрлі түсті жолақтар" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде.				

